

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**2019 жыл 25 шілде**

### **«БЖЗҚ» АҚ 2019 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысын жариялады**

2019 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша БЖЗҚ қызметінің негізгі көрсеткіштері сенімді оң динамиканы көрсетеді: 2019 жылдың 1 шілдесіне қарай зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 9,99 трлн теңгені құрап, жыл басынан бері 7% - ға немесе 615 млрд теңгеге ұлғайды.

2019 жылдың бірінші жартыжылдығында жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеруі 464,8 млрд теңге мөлшерінде зейнетақы жарналарының, 107,6 млрд теңге мөлшеріндегі зейнетақы төлемдерінің, сондай-ақ, 257,5 млрд теңге көлеміндегі инвестициялық кірістің түсулерімен байланысты.

01.07.2019 ж. қарай міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтары 9,8 трлн теңгені, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен - 220,0 млрд теңгені, ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен - 1,9 млрд теңгені құрады.

2019 жылдың 1 шілдесіне қарай МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ жеке зейнетақы шоттарының жалпы саны (техникалық шоттарды қоспағанда) 10,3 млн шотты құрап, жыл басынан бастап 1,2%-ға немесе 119,3 мың шотқа өсті (жүйеден шыққан қатысушылар бойынша шоттардың жабылуын ескере отырып).

Бұл ретте МЗЖ бойынша жеке зейнетақы шоттарының саны (техникалық шоттарды есепке алмағанда) жыл басынан бастап 1%-ға немесе 100 мың шотқа (жүйеден шыққан қатысушылар бойынша шоттардың жабылуын ескере отырып) ұлғайып, 9,7 млн шотты құрады.

Техникалық (сәйкестендірілмеген) шоттар саны есептік кезеңде 216,3 мыңнан 201,8 мың шотқа дейін 7%-ға азайды.

2019 жылдың бірінші жартыжылдығында БЖЗҚ-да 155 821 салымшы үшін жеке зейнетақы шоттары ашылды. Алғаш рет БЖЗҚ-да шот ашқандардың 22%-ы 20 жасқа дейінгі топты құрады, 36,2% - 21-ден 30 жасты, 18,3%- 31-ден 40 жасты, 13,6%- 41-ден 50 жасқа дейінгі, 9,9% - 51 жастан жоғары топтарды құрады.

2019 жылдың бірінші жартыжылдығындағы зейнетақы төлемдерінің жалпы сомасы 107,6 млрд теңгені құрады. Бұл ретте жасына байланысты төлемдер 41 млрд теңгені құрап, сақтандыру ұйымдарына 30 млрд теңге аударылды, 21 млрд теңге ҚР шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуге байланысты төленді. Салыстыру үшін – өткен жылдың осы кезеңінде зейнетақы төлемдерінің жалпы сомасы 100,9 млрд теңгені құрады.

2019 жылдың бірінші жартыжылдығында БЖЗҚ салымшыларының жеке зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс 257,5 млрд теңгені құрады. Соңғы 12 айда зейнетақы активтерінің табыстылығы инфляция 5,4% болғанда 9,4% құрады. Осылайша зейнетақы активтері соңғы 12 айда 4% мөлшерінде нақты оң кірістілікке ие.

«БЖЗҚ» АҚ салымшылар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыруда. 01.01.2017 ж. - 01.07.2019 ж. аралығында Қор қызметкерлері 59,8 мың көшпелі тұсаукесерлер өткізіп, оған 1,8 млн адам (немесе елдің жұмыспен қамтылған халқының 21%) қатысты.

2019 жылдың бірінші жартыжылдығында Қор кеңселерінде күн сайын Қазақстан бойынша 13 мыңнан астам қызмет көрсетілді.

2019 жылдың бірінші жартыжылдығында Қор қызметінің 80,5%-ы электронды форматта (онлайн) жүргізілді.

2019 жылдың бірінші жартыжылдығында Қор әртүрлі байланыс арналары арқылы келіп түскен 300 мыңға жуық салымшылардың (алушылардың) өтініштерін қабылдап, өңдеді.